**Д. Бабаев атындағы №115 жалпы білім беретін мектеп бойынша аға тәлімгердің жылдық есебі**
**2022-2023 оқу жылы**

Мектепте жылдық тәрбие жоспары аясында тәрбие бағытын жүзеге асыру мақсатында сынып сағаттары жоспарға сәйкес жүргізіліп келеді.

**Мектептегі «Жас Қыран» ұйымының жұмысы:** 2011 жылдың 11 ақпан күні «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясының 8 Съезінде Елбасы, партия төрағасы Н.Ә. Назарбаев жас ұрпақтың тәрбиесіне үлкен назар аудару керектігіне және Республика көлемінде жүйелі жұмыс жасайтын «Жас ұлан», «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымдарын құру керектігіне жете тоқталып кеткен болатын. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы қарсаңында 2011 жылдың 6 шілдесінде «Елорда күніне» орайластырылып жастар ұйымдары көшбасшыларынан бастамашыл топ «Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы Жас Қыран » Республикалық Қоғамдық Бірлестігін құрды. «Жас Қыран» ұйымына 1 сыныпқа 101 оқушы қабылданды. Жалпы 1- 4 сыныпта 373 оқушы бар. Республикалық бірыңғай «Жас Қыран» балалар ұйымы қатарына бастауыш сынып оқушылар қабылданады. Мектебіміздегі «Жас қыран» тобына қабылданушыларына ұйымның ережесі мен бағыттарымен таныстыру өтті.
Содан бастап біздің мектебімізде «Жас Қыран» ұйымы ашылды. «Жас Қыран» - өскелең ұрпақты жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік, толеранттылық пен демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухын қалыптастыратын ұйым.

Мектебімізде директормен бекітілген «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымының жылдық жұмыс жоспары бар. Жоспар бойынша барлық іс шаралар өткізілуде. Барлық іс шаралар өзімнің басқаруыммен өткізіледі, және барлық іс шараларды «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымының мүшелерінің қатысуымен өткізіледі.Мектебіміздің «Жас ұлан», «Жас Қыран» ұйымының мүшелері «30 кітап, 30 ән» жобасына қатысты. Осы жоба барлық сыныптар арасында өтті. Іс—шара оқушылар өздері оқыған ертегілер мен шығармаларын таныстыруы керек. Оқушылар ата-аналарының көмегімен портфолияларын талапқа сай жасады. Әр сынып оқушылары өздерінің оқыған ертегілерінің мазмұнын айтып және өлеңдерді өз нақышымен оқып, актерлік шеберліктерін таныта білді. Үздік оқырмандар анықталып номинациялар бойынша мақтау қағаздарымен марапатталды. Оқушылар жыл бойы әдеби шығармаларды оқып жалғастырады.





«Жас Қыран» ұйымының мүшелері "30 кітап, 30 ән" байқауына қатысты. 3 сыныптар арасында жылдағы дәстүр бойынша "30 кітап, 30 ән" байқауы кітапхана меңгерушісі Тоқсанбаева Дәмет Шәлібекқызы мен сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен өтті. Сынып жетекшілер сыныпты безендіріп, жаңашыл әдістерді қолданды. Жүргізушілер кітаптың шығу тарихы туралы мәліметпен таныстырды. Әр сыныптың оқушылары өте жоғары дайындықпен келген. Оның ішінде 3"А" сынып оқушысы Ауған Диар С.Бегалин атындағы республикалық балалар кітапханасына барып, видео материал дайындап

көрсетті. Оқушылар ертегілер мазмұнын айтып, өлең жолдарын жатқа айтты. Үздік оқырмандарды анықтап, мақтау қағазымен марапатталды. Оқушылар өздерінің оқыған ертегілері мен шығармалары туралы ақпарат беретін портфолионы ата-аналар көмегімен талапқа сай дайындаған.






Мектебіміздегі Республикалық бірыңғай «Жас Қыран» балалар және жасөспірімдер ұйымының мүшелері 1-4 сынып оқушыларының арасында ұйымның жоспарына сәйкес «Менің Отаным- Қазақстан» тақырыбында «Экоәлем» бағыты бойынша сурет көрмесі ұйымдастырылды. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған сурет көрмесінде оқушылар бар ынты-жігерлерімен сурет салынғаны байқалады. Барлық оқушылардың суреттерін мектептің фойесіндегі бұрыш тақталарына ілінді. Оқушылар сурет салу арқылы эстетикалық тәрбие алады. Олар өздерінің жұмыстарын мектептің тақталарында көрген кезде өте бақытты болып, қуаныштарымен бөлісті. Отанына деген құрметтері арта түсті.





«Қош келдің, Жаңа жыл!» шыршасы өтті «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшелері мектептегі Жаңа жылдық шырша мерекесін өткізудің кестесіне сәйкес 27-29 желтоқсан аралығында мектептің мектепке даярлық тобына, бастауыш сыныптарға шырша өтті. Ұйым мүшелері балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау үшін әзілкеш, барыс, қоян, мыстан кемпір, Аяз Ата, Ақшақар болып киініп, тамаша қойылым қойды. Ұйым мүшелері балаларға қызықты «Пима» ойынын ойнатып, тақпақ, өлең айтқызып, би билеткізді. Балалар Аяз Атаның тәттілеріне тойып, мәз болды.








«Жас Қыран» ұйымының мүшелеріне Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай мектепішілік 1-4 сынып оқушыларының арасында мәнерлеп оқу сайысы өтті.Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай мектепішілік 1-4 сынып оқушыларының арасында мәнерлеп оқу сайысы 18-23 қаңтар аралығында өтті. Мақсаты: Ахмет Байтұрсынұлының тарихтағы баға жетпес орнын паш ету, оқушылар

арасында ақынның мол мұрасын насихаттау, өлеңдерін мәнерлеп оқуға үйрету.Мектепішілік мәнерлеп оқуға 1-4 сынып арасынан 17 оқушы қатысты.

| № | Сынып | Сынып жетекшісі | Оқушының аты-жөні | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 «А» | Сәрсенбек Ақдидар Жандарбекқызы | 1.Бауржан Амина 123 | 2.Кайпек Байсал 46 | 3.Рысқұл Аймерей 477 II ОРЫН |
| 2 | 1 «Б» | Опабекова Фарида Калиевна | Туреғали Айым 1651 I ОРЫН | Асқар Іңкәр 183 III ОРЫН | |
| 3 | 2 «Б» | Байболова Айман Асреповна | Баймұрат Шәкәрім 437 II ОРЫН | Ғабит Әнуар 1578 I ОРЫН | БАС ЖҮЛДЕ |
| 4 | 2 «В» | Койшина Бибану | Орынбасар Мухамедали 52 III ОРЫН | Нұржан Аружан 50 | |
| 5 | 3 «А» | Сыдықбекова Саягүл Ғаламатқызы | Мұхамедқали Арслан 313 III ОРЫН | Темірхан Асемай 7538 I ОРЫН | |
| 6 | 3 «Ә» | Сәрсенбек Ақдидар Жандарбекқызы | Ермек Раяна 251 | Төлеуғазы Ерболат 67 | |
| 7 | 3 «Б» | Аканбаева Шынар | Кенжебек Алтынай Ерікқызы 5435 II ОРЫН | | |
| 8 | 4 «А» | Молдасанова Венера | Текесбай Алмат 355 | I ОРЫН | |
| 9 | 4 «В» | Сыдықбекова Саягүл Ғаламатқызы | Бауыржан Әдемі 224 II ОРЫН | Каласова Балжан 150 III ОРЫН | |





Әр жыл сайын 9 мамыр – Жеңіс күнін көкірегімізде ерекше көңіл мен мақтаныш сезімі ұялаған намыс пен біз үшін бейбіт өмір мен ашық аспан сыйлаған ардагерлерімізге деген айрықша ризашылықпен қарсы аламыз. Жеңіс күні біздің еліміздің күші мен қуатын бейнелейді. Бұл күн Отан қорғаудың жарқын үлгісін көрсеткен ардагерлеріміздің рухына тағзым етіп, тірілерге құрмет көрсететін күн! Осындай айтулы күнді оқушылар ешқашан ұмытпауы керек. «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» атты әскери патриоттық жарысқа 4-5-8-9-10 сыныптар қатысты. Оқушылар соғыс туралы әндер айтып, би билеп, қойылым қойып жарысты. Қонаққа Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагерлері:

запастағы полковник Мұхамеджан Абдибеков, запастағы полковник Арман Конуров келді. Оқушылардың өнері қонақтарды тәнті етті.









1 қыркүйек – Тәуелсіз еліміздің тарихындағы, сондай – ақ Қазақстанның әрбір азаматының, мектеп жасындағы баланың өміріндегі елеулі күн. Өйткені білім күні – өз мектебін сүйетін және ұмытпаған адамдардың дәстүрлі мерекесі. Д.Бабаева атындағы №115 жалпы білім беретін мектептегі бірінші күн «Шолпы» би ансамблінің орындауындағы қазақ биінен басталып, алғаш рет мектеп табалдырығын аттағалы жатқан 1 сынып оқушылары сынып жетекшілерімен бірге қадам басты. Еліміздің Мемлекеттік Туын ресми түрде ортаға алдыртты. Мемлекеттік Туды ұстаушы: 11 «ә» сынып оқушысы Жұмаділ Жанасыл. Жұмаділ Жанасыл оқу озаты, қалалық және аудандық ұшқыр-ой алаңы дебат клубының үздік спикері, бірнеше пәндік олимпиадаларының қалалық жеңімпазы. Ассистенттері: 11 «а» сынып оқушысы Ахмет Эльмира. Ол оқу озаты, мектеп президенті, қалалық мәнерлеп оқу сайысының бірнеше жүлдегері, шығармашылық ғылыми жоба байқауының жеңімпазы. 11 «ә» сынып оқушысы Төреғали Ақнәзік. Ақнәзік оқу озаты, қалалық ғылыми жоба байқауының иегері, қалалық эсселер байқауының жеңімпазы.

- табалдырығын алғаш аттағалы отырған оқушылар соғып, мереке өз мәресіне жетті

 



«Жас Ұлан» ұйымының мүшелері 6"Ә" сыныбы оқушыларына сынып жетекшісі Нургожаева Айдана Талғатқызы «Тілім менің тірегім» атты тәрбие сағатын өткізді. Сабақтың   мақсаты: Оқушыларға 22 қыркүйек – Қазақстан халықтарының тілдері күнінің маңызы жайлы айту. Қазақ тілі туралы өлең, мақал - мәтел, нақыл сөздерді оқыту арқылы оқушының сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту. Қазақ тілін сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу, ана тілінің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру. Ана тіліне деген құштарлықтарын аттыру.

 

Ұйымдастырушылар: аға тәлімгер Мұрапбаева Ә.М.,  6"Ә" сыныбының сынып жетекшісі Нургожаева А.Т., Өзін-өзі басқару ұйымы, «Жас ұлан» ұйымы.
 «Жас Қыран», «Жас  Ұлан»  балалар  мен  жасөспірімдер  ұйымының  топ басшыларын тағайындау барысында «Ұланбасы» - Кудерина Перизат,   «Жас

**Денсаулық күніне арналған «Денсаулық зор байлық» атты  оқушылар арасында жарыстар 16 қыркүйек күні  өтті.**

  

   

Ұйымдастырушылар: Мектеп әкімшілігі, Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері, Өзін-өзі басқару ұйымы, «Жас Ұлан» ұйымы

**"Мұғалімдер күні" мерекесіне орай 30 қыркүйек күні**

«Дублер күнін» өткізуді жоспарлауды 21 қыркүйек күні мектептің акт залында Мектеп Парламенті мен Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері 9-10-11 сынып оқушыларын жинап, ДТІЖО Жансарова Ж.Т мен аға тәлімгер Мұрапбаева Ә.М. жиналыс өткізді. Оқушыларды «Дублер күніне» арналған бұйрықпен таныстырып, әр оқушыға бекітіліп берілген пән бойынша 30 қыркүйек күнгі сабақ жоспары берілді. Оқушылар мұғалімдермен кері байланыс орнатты.

https://www.instagram.com/p/Civ-2llouDy/?utm_source=ig_web_copy_link

Таңертеңгілік жиында мектеп аға тәлімгері Ә.М.Мұрапбаева Дублер күніне бастамашыл топ құру туралы бұйрық пен жасалатын жұмыстарымен ұйыдастырылатын шараларды таныстырды. Мектеп директорының дублер лауазымына 11-сынып оқушысы Ахметова Эльмира, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары 11-сынып оқушысы Божбанбай мирас пен 10 сынып оқушысы Әмірхан Қазына, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 11-сынып оқушысы Жанкелді Перизат пен Абдували Бексұлтан тағайындалды. Директордың бастауыш сынып бойынша оқу-ісінің меңгерушісі болып 11 сынып оқушысы Нұрдаулетқызы Ақерке тағайындалды. Сонымен қатар әлеуметтік-педагог 10 сынып оқушысы Мұхтар Диана, аға тәлімгер Елубай Ермек, психолог Шонбаев Райымбек тағайындалды.

https://www.instagram.com/tv/CizogxrNvS/?utm_source=ig_web_copy_link

1.https://www.instagram.com/reel/CjKN23CIdvk/?utm_source=ig_web_copy_link

2.https://www.instagram.com/tv/CjPVrcfvFi9/?utm_source=ig_web_copy_link

3.https://www.instagram.com/reel/CjQTkqTjHc_/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/Cjj362voKUf/?utm_source=ig_web_copy_link






Д. Бабаев атындағы №115 жалпы білім беретін мектептің ұстаздарын төл мерекелерімен құттықтау үшін мектеп ұстаздарына арнайы «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері 30 қыркүйек күні «Дублер күнінде» мерекелік концерт өткізді. Еңбегімен еленген ұстаздар алғыс хаттармен марапатталды!

 



Халықаралық қарттар күніне орай, «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен «Қарты бар үйдің -қазынасы бар» атты кеш болып өтті. Кешке зейнеткер ұстаздаздар шақырылып,еңбектері насихатталды. Кеш тізгінін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің шебер -педагогі Көпеева Гүлнара Аманкелдіқызы жүргізді. «Үлкенді сыйлау, құрметтеу ата-бабамыздан келе жатқан салтымыз. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде үлкен кісілерімізге мән беріліп, көңіл аударып, жан- жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, мемлекетіміздің негізін салуға. саналы ғұмырларын мектепте 45-50 жыл үздіксіз білім беру саласында қосқан ұстаздарымыздың үлестері мен ғұмыр бойы істеген тынымсыз еңбектеріне сый-құрмет көрсетілді. Қаныша Қыдырбекқызы, Ботан Бекетбайқызы, Жанаргүл Қожашқызы. Күнсұлу Отарбаева, Шара Қайранбекқызы, Гүлшария Жақсыбайқызы, Рая Көштібайқызы, Жәмила Дәуренбекқызы, Сауле Қарышқызы, Рашида Жалаловна,Төлеусара Набиқызы. Зейнеткер ұстаздарымыз ұстаздық қызметтегі қызықты сәттерінен естеліктер айтып, өмір жолдарынан сыр шертті. Білім алушылар, ұстаздар, көрермендер зейнеткер ұстаздарымыздың тәжірибелерінің қыр-сырларымен танысып, ақыл кеңестерімен тәлім -тәрбиесінен өмірлік сабақ, рухани азық алды.

Еліміздің жас жеткіншектерін отансүйгіштікке тәрбиелеу мен белсенді өмір ұстанымын қалып¬тастыруда ардагер ата-апала¬ры¬мыздың өмірі мен еңбек жолдары жас ұрпаққа үлгі.






24 қазан күні Қазақстан Республикасының ұлттық "Республика күніне" орай Түрксіб ауданы әкімі ақпаратының ұйымдастыруымен өткізілген қалалық "ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ" ұлттық ойыны бойынша, қаладан 150 шақты оқушы қатысуымен өткен жарыста Д.Бабаев атындағы №115 жалпы білім беретін мектебіміздің оқушылары жүлделі орындарға ие болды. Мектебіміздің «Жас Ұлан» балалар және жасөспірімдер ұйымының мүшелері жүлделі орындарға ие болды:1-орын Рамазан Баян

2 -орын Ақылбек Темірхан

3- орын Өсербай Жасұлан




Мектебіміздің «Жас Ұлан» ұйымының мүшелерінің ұйымдастыруымен 9 - 10 сыныптарының арасында күз мерекесіне орай 11 қараша күні мектептің акт залында «Күз Аруы» байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар 4 кезең:

1 кезең: Өзін-өзі  таныстыру
2 кезең: «Өнерің өрге жүзсін!»
3 кезең: Гүл шоқтарының байқауы
4 кезең: «Күзгі сән үлгісі-2022» бойынша бақ сынады.
Байқауға 6 жұп қатысып, өнерлері мен шығармашылық жұмыстарымен 4 әділқазы алқалары мүшелері мен көрермендерді таныстырды. Оқушылардың барынша жақсы дайындалғандығы байқалды. Оқушылар күздің кереметі жапырақтардан әр түрлі көйлек, гүлдер жасаған. Осындай ерекше тартысты байқаудың нәтижесінде «Күз Аруы» байқауының бас жүлдесін 10 сынып оқушысы Богуспаева Аружан иеленді. Қатысқан 6 жұптың барлығы мектеп директорының «Алғыс хаттарымен» марапатталды.





«Бала құқығы - адам құқығы» атты онкүндікті өткізу бойынша құрылған жоспар негізінде мектебіміздің «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері- 9 сыныптар арасында "Құқық сабақтары - өмір сабақтары" атты интеллектуалдық ойын өткізілді.
Ойын мақсаты: өткен тақырыптарды қайталай отырып, түсініктерін толықтыру, құқық пәніне деген қызығушылығын арттыру. Оқушыларды еңбексүйгіштікке, адалдыққа, отаншылдыққа тәрбиелеу. Оқушылардың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін дамыту, дағдыландыру.
Ойын 4 кезеңнен тұрды, 4 кезеңде өздерінің белсенділігін көрсетіп,
І-ші орынды 9 «В» сынып   "Тұран" тобы
ІІ-ші орынды 9 «Б» сынып "Сұңқар" тобы
ІІІ-ші орынды 9 «Ә» сынып  "Жас Ұлан" және 9 «А» сынып  "Тәуелсіздік жұлдыздары" тобы иеленді.
Оқушылар өте белсенді қатысып, құқық негіздері сабағына қызығушылықтары артты.




«Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында «Жас Ұлан» ұйымының мүшелеріне Чакакова Бақыт тәрбие сағатын өтті.

Мақсаты: оқушыларға «Сыбайлас жемқорлық» деген түсініктің не екендігін түсіндіру, пайда болу жағдайлары туралы түсінік қалыптастыру.

Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту. Өз мемлекеттеріне жауапкершілікпен қарауды үйрету және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптастыру.Ұйым мүшелеріне заң аясында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.  ҚР “Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы” Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: “...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен

қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу”






«Жас Ұлан» ұйымы қатарына қабылданушы 5 «А», «Ә», «Б», «В» сынып оқушылары ант қабылдады. Ант қабылдап біткен соң «Жас Ұлан» ұйымына қабылданған оқушыларға туымыз түстес көгілдір галстуктарын тағу  рәсімі өтті. «Жас Ұлан» әні орындалып, 5 сынып оқушылар патриоттық әндерге би биледі. Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына салтанатты қабылдау рәсімі өз мәресіне жетті.




«Менің Отаным- Қазақстан» тақырыбында «Экоәлем» бағыты бойынша сурет көрмесі ұйымдастырылды. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған сурет көрмесінде оқушылар бар ынты-жігерлерімен сурет салынғаны байқалады. Барлық оқушылардың суреттерін мектептің фойесіндегі бұрыш тақталарына ілінді. Оқушылар сурет салу  арқылы эстетикалық тәрбие алады. Олар өздерінің жұмыстарын мектептің тақталарында  көрген кезде өте бақытты  болып, қуаныштарымен бөлісті. Отанына деген құрметтері арта түсті.





Желтоқсан көтерілісі — 1986 жылы 17 — 18 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдары. Бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқы тарихындағы елеулі оқиға болып табылады.





**Ұйымдастырушылар:** ДТІЖО, «Мектеп Парламенті», «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар ұйымының мүшелері, аға тәлімгер Мұрапбаева Ә.М.

Мектеп парламенті Дебат фракциясының басшысы Шаметова Анель «Кімге алғыс айтар едіңіз?» тақырыбында ұстаздармен сұқбат жүргізіп, бейнеролик жасады. Бейнеролик әлеуметтік желіге жүктелді.

Сонымен қатар Өнер және мәдениет фракциясының басшысы Нұрдаулетқызы Ақерке мен Өзін-өзі тану және бақыт фракциясының басшысы Мұхтар Дананың мектеп ұстаздарымен жүргізген сұқбатын әлеуметтік желіге жарияладық.







Сонымен қатар мектепте бірыңғай «Алғыс айту-парызым» атты сынып сағаттары өтілді.






Өзін-өзі басқару ұйымының жұмыстары әлеуметтік желіге жүктелді.

https://www.instagram.com/reel/CpO-2o7oFrV/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/reel/CpPFKrlrpNn/?utm_source=ig_web_copy_link

Мектеп Парламенті президенті Ахмет Эльмира 9-10-11 сынып оқушыларымен бірге құттықтау видеосын түсірді.

22 қаңтар күні «№7 Оқушылар үйінің» ұйымдастыруымен Түрксіб ауданы қазақ мектептері оқушылары арасында «Көңілді оқушылар алаңы» (КВН) әзіл-ысқақ сайысына мектебіміздің «115 жастары» тобы қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Тартысты өнер додасын бағалауға әділқазы ретінде еліміздің әзіл-ысқақ саласының үздігі Еділ Анарбай төрелік етті. 8 топ бақ сынап, соның ішінде мектебіміз «Ең үздік командалық киім үлгісі»

мен «Ең ұйымшыл команда» номинациясымен марапатталды. Жетекшісі: Мұрапбаева










Қатысушылар: «Мектеп Парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органының мүшелері, аға тәлімгер.

https://www.instagram.com/reel/CmHMDFmpqlE/?utm_source=ig_web_copy_link

2. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай Мектеп Парламенті ұйымының Дебат фракциясының көмекшісі 9 "Б" сынып оқушысы Махометова Адилямның жасаған бейнероликі.

https://www.instagram.com/reel/CmJV3pULiPs/?utm_source=ig_web_copy_link

3. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай арнайы Мектеп Парламенті ұйымының орынбасары Жанкелді Перизаттың дайындаған бейнебаяны

https://www.instagram.com/reel/CmKF7TorJ3V/?utm_source=ig_web_copy_link

4. Тәуелсіздік алу үшін құрбан болғандар" бейнежазбасын 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай "Жас Ұлан" ұйымының Ұланбасшысы 9 сынып оқушысы Кудерина Перизат жасады.

https://www.instagram.com/reel/CmLN4SaIU2m/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

Соңғы қоңырау әрі көңілді, әрі мұңды мереке. Ұстаздарға мектеп бітіруші шәкірттерімен қоштасу оңайға соқпасы анық. Жас түлектің де үйренген орта, бауыр басқан адамдарынан алысқа кету үлкен жауапкершілік жүктейді. Жиын соңында мектеп бітіруші түлектер алтын ұясымен қоштасып, үлкен өмірге қадам басар белестің алғашқы баспалдағын сезініп, балдай тәтті күндерін артта қалдырды.












«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады. Осындай міндеттерді негізге ала отырып «Адал Ұрпақ» үйірмесінің 2022-2023 оқу жылына жылдық жоспары бекітілді. Мектеп оқушыларынан биылғы 2022-2023 оқу жылына оқушыларды клуб мүшелігіне қабылдау жұмыстары жүргізілді. Еліміздің алдынғы дамыған елдер қатарына енуіне, мемлекетімізді өркендетуде болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие бере отыра, оқушылардың биік жетістерге жететіндеріне сенімдіміз. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы 9-11 сынып оқушылары арасынан 17 оқушыдан тұратын «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылды.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының қызметі ұйымдастырылып, жұмыс жоспары бекітілді. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жетекшісі ДТІЖО Омирзакова Айгүл Байзакқызы, көмекшісі аға тәлімгер Мұрапбаева Әсия Мәткерімқызы тағайындалды.

**«Жемқорлыққа жол жоқ», “Саналы ұрпақ – жарқын болашақ”, “Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!”, «Сыбайлас жемқорлықпен күресу –баршамыздың міндетіміз» тақырыптарында сынып сағаттары жүргізілді**













**«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелері**
























**Мектепте жүргізілетін үйірме,кружок,спорт секциялары туралы мәлімет**

Үйірме сабақтарының мақсаты: оқушылардың білімін тереңдету, қабілетін дамыту, шығармашылық қызығушылықтары мен бейімділіктерін қанағаттандыру, қоғамдық пайдалы еңбекке араластыру.

Биылғы оқу жылында мектебіміз № 7 ОҮ келісім шартқа отырды.Би үйірмесі аптасына үш рет жүргізіледі. Қатысатын бала саны- 42, бастауыш сыныптың оқушылары қамтылған. Жетекшісі: Әубәкір Айгүл Серікжанқызы.Өтілетін орны мектептің мәжіліс залы.

Домбыра үйірмесі аптасына екі рет болады. Қатысатын бала саны- 38.
3-8 сынып аралығының оқушылары қамтылған. Жетекшісі: Әлпен Несібелді. «Домбыра» үйірмесінің мақсаты:домбыра аспабын ұлттық тәрбие құралы ретінде кеңінен қолдана отырып, аспапқа деген қызығушылығын арттырып, студентті домбырада ойнауға үйрету
Тоғызқұмалақ үйірмесі аптасына екі рет.Қатысатын бала саны- 20.
2-7 сынып аралығы қатысады.Мұғалімі: Тұрлығұл Амирхан. «Тоғызқұмалақ» үйірмесінің мақсаты: оқушыларға тоғызқұмалақ ойынын үйрету. Тоғызқұмалақ ойыны арқылы оқушылардың ұлттық
ойындарға деген қызығушылығын арттыру және өз елін сүюге тәрбиелеу.
Тоғызқұмалақ ойыны арқылы білім алушылардың ойлау қабілеттерін дамыту
Сабақ кестелері бекітілген.Қатысатын балалары тұрақты.
Сонымен қатар мектебімізде дебат клубы жұмыс жасайды. Бала саны-20. Жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Минахунова К.И.Пікір сайыс клубының мақсаты :әр түрлі тақырыптарда ой қозғап, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге ұсыныстар бере алуға;Мемлекеттік тілді сақтай отырып, тәрбиелік маңызы зор құндылықтарды ұстанып, оқушылар арасындағы қарым-катынасты нығайту арқылы теріс пиғылды әрекеттерге қарсы күресуді үйрету.

Спорт секциялары бойынша көгалдағы хоккей,волейбол, баскетбол,үстел теннисі, қазақтың ұлттық ойындары ,футбол аптасына бір рет,әр аптаның сенбі күндерінде өткізіледі.Бұл секцияларды дене-шынықтыру пән мұғалімдері жүргізеді.
«Баскетбол» мақсаты: допты әріптесіне әр түрлі тәсілдермен беруді дамыту.Допты торға орнынан тастау әдістерін дамыту.Осы әдістерді қолданып, эстафеталық ойын өткізу. Бұдан да басқа білім алушыларымыз мектептен тыс ақылы орындарға жазылып, қатысып,өз білімдерін,шығармашылығын арттыру үстінде.
Сонымен қатар мектебімізде спор секциялары жұмыс жасайды , оны дене шынықтыру пән мұғалімдері жүргізеді.
Волейбол – жетекшісі Қалаубек Б
Футбол - жетекшісі Қожагелдиев Г,
Көгалдығы хоккей – жетекшісі Ашурова К.Ж
Үстел теннисі, жетекшісі Мусаев С.М
Қазақтың ұлттық ойындары- жетекшісі Турсынбаева М
«Волейбол» секциясының мақсаты:Ойын әдістерін үйрету.Дене, қол, аяқ қимылдарын икемдеу;Қимыл қозғалысын арттыру;Әр түрлі жаттығуларды доппен жетілдіру;Дене тәрбиесі пәніне қызығушылығын арттыру.
«Үстел теннисі» секциясының мақсаты:оқушылардың ептілік, шапшаңдық деңгейін арттыру, үстел теннисі ойыны туралы мағұламаттар беру, үйрету.оқушыларды тез ойлау, есептеу, есте сақтау, шапшаңдық қабілетін дамыту.
Футбол» секциясының мақсаты: «оқушылардың ептілік, шапшаңдық деңгейін арттыру. Оқушыларғы үстел теннисі ойыны туралы мағұламаттар беру, үйрету, тез ойлау, есептеу, есте сақтау, шапшаңдық қабілетін дамыту.



**Мектеп бойынша әлеуметтік педагогтің есебі**

01.09.2022 ж күні «Қамқоршылық кеңесінің» мүшелері мен сынып жетекшілерінің біріккен жиналысы болып өтті.

Қатысқаны: ата-аналар – 55

Сынып жетекшілер - 23

Қатыспағаны - жоқ

**Күн тәртібінде:**

1.« Міндетті оқуға қамту» қорынан мектептегі жетім, жартылай жетім отбасында тәрбиеленуші және әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен оқушыларды мектеп тарапынан ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

2. 2022 оқу жылының қаңтар айынын бастап ыстық тамақ ішетін оқушыларды анықтап ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізіміне қосу.

**Тыңдалды:**

Өз сөзінде мектеп басшысы А.С.Чорманова: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 949 Қаулысы бойынша мектептегі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және жан басына шаққанда күн көрісі төмен отбасында тәрбиеленуші және әлеуметтік тұрмыс жағдайлары төмен оқушыларға «Міндетті оқуға қамту» қорының қаржысы есебінен көмек көрсету мақсатында мектеп тарапынан ыстық тамақпен қамтамасыз ететінін атап өтті.

«Міндетті оқуға қамту» қорынан бөлінген қаржы есебінен мектептегі жетім, жартылай жетім, және әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен оқушыларға мектеп тарапынан бір мезгіл ыстық тамақ берілетіндігін, ол үшін сынып жетекшілер сыныбындағы осы көмекке мұқтаж оқушыларды анықтау керектігіне тапсырма берілгендігін айтты.

Сынып жетекшілер мен «Қамқоршылық кеңесінің» мүшелері бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамтамасыз етуге ұсынылған оқушының әлеуметтік тұрмыс жағдайын бақылау Актісін және осы жиында айтылған мәселе бойынша сыныпта ата-аналар жиналысын жасап, әрбір ата-анаға жеткізу керектігін айтты.

Сынып жетепкшілердің және сарапшылардың қорытынды есебі бойынша мектептегі жетім, жартылай жетім, мүгедек,көп балалы отбасында тәрбиеленуші және әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларды анықтап ұсынуы бойынша, қазір мұндай бала саны-10 бала. Олар:

| **№ р/с** | **Мектеп** | **Аты-жөні тегі (түгелімен)** | **Туған күні айы жылы** | **Сынып** | **Мекен жай** | **Статус** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | №115ЖББМ | Ержанұлы Әділет | 12.10.2011 | 5 А | ЖК Аспан сити 1140 | Форма 4 жалғыз басты ана |
| 2 | №115ЖББМ | Қонаш Диас | 15.07.2012 | 5 А | Нұрахмет 77 | АСП |
| 3 | №115ЖББМ | Қонаш Аружан | 12.07.2010 | 6 В | Нұрахмет 77 | АСП |
| 4 | №115ЖББМ | Мұхтарұлы Әлібек | 08.02.2011 | 6 Ә | Тапчиева 2В | АСП |
| 5 | №115ЖББМ | Мұхаметқали Аяулым | 27.09.2011 | 6 Ә | Садовского 19 | Келісім бойынша қамқорлыққа алу |
| 6 | №115ЖББМ | Маултбекова Нұрай | 20.08.2008 | 8 Б | Дундича 13/2 | АСП жалғыз басты ана |
| 7 | №115ЖББМ | Манатбек Тамерлан | 23.07.2012 | 7 В | Болысбек ата 17 | АСП |
| 8 | №115ЖББМ | Найманхан Рамазан | 15.09.2010 | 7 А | | АСП |
| 9 | №115ЖББМ | Сейдқазы Әбілмансұр | 27.03.2008 | 9 А | Жасқанат 1/87 кв9 | АСП |
| 10 | №115ЖББМ | Мусали Аружан | 24.11.2006 | 10А | Алмерек 3к 2үй | Келісім бойынша қамқорлыққа алу |

«Міндетті оқуға қамту» қорынан бөлінген қаржы есебінен осы 10 балаға өкіметтен қаржы бөлініп отыр.

Жиналыс барысында осы балаларға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі *(бұдан әрі - Министрлік)* Президент Әкімшілігінің басшысы Е.Қошановтың 2021 жылғы 21 шілдедегі № 21-32-30.207 бір мәрте тамақтану нормаларына *(2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 ҚР ПП 15-қосымшасы)* сәйкес 24.01.2022 – 31.12.2022 аралығында 5-9 сынып оқушыларына күніне 634,95 тиын, 10-11 сынып оқушыларына күніне 682,91 теңге көлемінде, ас мәзіріне сәйкес бір мезгіл ыстық тамақ берілсін «Міндетті оқуға қамту» қорынан бөлінген қаржы есебінен ыстық тамақ беру дауысқа салынып, қаулы қабылдасақ деген ұсыныс білдіремін. Мектеп бойынша бекітілген 10 балаға және арендатордың атынан ұсынған 9 блаға тамақ беріледі.

**Ұсыныс:**

«Міндетті оқуға қамту» қорынан бөлінген қаржыны балалардың мектеп тарапынан бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілуіне сынып жетекшілер мен ата-аналар өз ұсыныстарын білдірді. Барлығы осы ұсынысты бір ауыздан мақұлдады.

**Қаулы:**

1. «Міндетті оқуға қамту» мәселесі бойынша әрбір сыныпта өткізілетін жиналыста қамқорлықтағы мектептегі жетім, жартылай жетім, мүгедек, көп балалы отбасында тәрбиеленуші және әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен оқушылардың іс-құжаттары қаралып,тізімі жасалсын.

2.Оқушылардың іс-құжаттарын қарап, тізімге алу және «Міндетті оқуға қамту» қоры есебіне ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін қадағалау сарапшылар тобымен қадағалансын.

3. Өз еркімен ыстық тамақтан бас тартуына байланысты бұйрық шығарылып оқушының ата-анасынан өтініш алынсын.

4. 2022 жылының қыркүйек айының 01- нен бастап мектептегі жетім,жартылай жетім,мүгедек,көп балалы отбасында тәрбиеленуші және әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен оқушылардың іс-құжаттарын қарап,тізімін жасау әлеуметтік педагог

**Тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін 5-11 сыныптағы оқушылардың тізімі**

| № р/с | Мектеп | Аты-жөні тегі (түгелімен) | Туған күні айы жылы | Сынып | Мекен жай | Статус |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | №115ЖББМ | Ержанұлы Аділет | 12.10.2011 | 5 А | ЖК Аспан сити 1140 | Форма 4 жалғыз басты ана |
| 2 | №115ЖББМ | Қонаш Диас | 15.07.2012 | 5 А | Нұрахмет 77 | АСП |
| 3 | №115ЖББМ | Қонаш Аружан | 12.07.2010 | 6 В | Нұрахмет 77 | АСП |
| 4 | №115ЖББМ | Мұхтарұлы Алібек | 08.02.2011 | 6 Ә | Тапчиева 2В | АСП |
| 5 | №115ЖББМ | Мұхаметқали Аяулым | 27.09.2011 | 6 Ә | Садовского 19 | Келісім бойынша қамқорлыққа алу |
| 6 | №115ЖББМ | Маултбекова Нұрай | 20.08.2008 | 8 Б | Дундича 13/2 | АСП жалғыз басты ана |
| 7 | №115ЖББМ | Манатбек Тамерлан | 23.07.2012 | 7 В | Болысбек ата 17 | АСП |
| 8 | №115ЖББМ | Найманхан Рамазан | 15.09.2010 | 7 А | Нүсіпбекова 20 | АСП |
| 9 | №115ЖББМ | Сейдқазы Әбілмансұр | 27.03.2008 | 9 А | Жасқанат 1/87 кв9 | АСП |
| 10 | №115ЖББМ | Мусали Аружан | 24.11.2006 | 10А | Алмерек 3к 2үй | Келісім бойынша қамқорлыққа алу |

Мектеп асханасын жалға алушы Жексебаева Гүлжан Нуркуловнаның есебінен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасында тәрбиеленіп жатқан балалардың тізімі

| №п/п | Оқушының аты-жөні | Туған күні айы жылы | Сынып | Статус |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Төлеуғали Бибарыс | 26.06.2012 ж | 5 Б | Жартылай жетім |
| 2 | Крамер Радион | 12.12.2011 ж | 5 Б | Жартылай жетім |
| 3 | Мейірхан Ұлдана | 22.02.2012ж | 5 Б | Жартылай жетім |
| 4 | Рақымғали Алихан | 21.12.2011ж | 5 Б | Көпбалалы |
| 5 | Абдухан Асылжан | 16.02.2009ж | 8 А | Жартылай жетім |
| 6 | Абдреим Ясин | 22.07.2009ж | 8 А | Жартылай жетім |
| 7 | Дүйсенбай Арнай | 20.03.2015ж | 5 Ә | Әлеуметтік тұрмыс жағдай төмен |
| 8 | Өр Дамир | 24.07.2009ж | 6 В | Мүмкіндігі шектеулі |
| 9 | Чимирова Камилия | 10.08.2008ж | 8 Б | Мүмкіндігі шектеулі |
| 10 | Ерболсынұлы Нұрбол | 09.05.2011ж | 6 А | ӘТЖ |
| 11 | Серікбаев Жұбаныш | 06.03.2007ж | 9 Ә | Көпбалалы |
| 12 | Серікбай Диана | 24.06.2011ж | 6 Ә | Көпбалалы |